

"Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруышы орталығын, мемлекеттік органдардың куәландыруышы орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруышы орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын қоспағанда, куәландыруышы орталықтың тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1231 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2023 жылғы 30 наурыздағы № 115/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 наурызда № 32205 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруышы орталығын, мемлекеттік органдардың куәландыруышы орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруышы орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын қоспағанда, куәландыруышы орталықтың тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1231 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13341 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруышы орталығын, мемлекеттік органдардың куәландыруышы орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруышы орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын қоспағанда, куәландыруышы орталықтың тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Цифрлық шешімдер департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі¹
министрінің м.а.

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің м.а. 2023 жылғы
30 наурыздағы № 115/НҚ
бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің бұйрығымен бекітілген
2015 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 1231

Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруыш орталығын, мемлекеттік органдардың куәландыруыш орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруыш орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын қоспағанда, куәландыруыш орталықтың тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруыш орталығын, мемлекеттік органдардың куәландыруыш орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруыш орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын қоспағанда, куәландыруыш орталықтың тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу

қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Занының (бұдан әрі – Зан) 5-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруши орталығын, мемлекеттік органдардың куәландыруши орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруши орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын қоспағанда, куәландыруши орталықтың тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) ақпаратты криптографиялық қорғау құралы – кілттерді криптографиялық қайта түрлендірудің алгоритмдерін, құруды, қалыптастыруды, бөлуді немесе басқаруды жүзеге асыратын құрал;

2) интернет желісінде кеңінен пайдаланылатын техникалық ерекшеліктер мен Стандарттарды қамтитын интернеттің нөмірленген ақпараттық құжаттары (Request for Comments) (бұдан әрі – RFC) 2560 сериясынан алынған құжат – тіркеу куәлігінің мэртебесін анықтауға арналған хаттамаға қойылатын талаптарды реттейтін халықаралық IETF стандарттары сериясынан ұсынылатын стандарт;

3) интернет желісінде кеңінен пайдаланылатын техникалық ерекшеліктер мен Стандарттарды қамтитын интернеттің нөмірленген ақпараттық құжаттары (Request for Comments) (бұдан әрі – RFC) 5280 сериясынан алынған құжат – тіркеу куәліктерінің құрылымы мен КТКТ-ға қойылатын талаптарды реттейтін халықаралық IETF стандарттары сериясынан ұсынылатын стандарт;

4) каталогтарға қол жеткізудің жеңілдетілген хаттамасы (Lightweight Directory Access Protocol) (бұдан әрі – LDAP) – Халықаралық электрбайланыс одағының (Internation Telecommunication Union – telecommunication sector) электрбайланысты стандарттау секторы стандартының (бұдан әрі – ITU-T) X. 500 ұсынымдарында әзірленген каталогтар қызметіне қол жеткізуге арналған қолданбалы деңгей хаттамасы;

5) кері қайтарып алынған куәлік – осы Қағидалармен белгіленген тәртіппен жойылған тіркеу куәлігі;

6) кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімі (бұдан әрі – КТКТ) – қолданысы тоқтатылған тіркеу куәліктері туралы мәліметтерді, олардың сериялық нөмірлерін, қайтарып алу күні мен себебін қамтитын тіркеу куәліктері тіркелімінің бөлігі;

7) куәландыруши орталық – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растайтын занды тұлға;

8) кілттік ақпаратты жеткізгіш –электрондық цифрлық қолтаңбаның сақталатын жабық кілтін қорғау үшін "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралы. Жалпы техникалық талаптар" (екінші 2 деңгейден төмен емес) Қазақстан Республикасының 1073-2007 ұлттық стандартының талаптарына сәйкестік сертификаты бар ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары пайдаланылатын арнайы жеткізгіш;

9) өтініш беруші – тіркеу күәліктерін беруге немесе кері қайтаруға құжаттар ұсынған жеке немесе занды тұлға;

10) тіркеу күәлігі – электрондық цифрлық қолтаңбаның Заңмен белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін куәландыруши орталық беретін қағаз жеткізгіштегі құжат немесе электрондық құжат;

11) тіркеу күәлігі мәртебесінің онлайн хаттамасы (Online Certificate Status Protocol) (бұдан әрі – OCSP) – тіркеу күәлігінің мәртебесін анықтауға арналған хаттама;

12) тіркеу күәлігінің (Distinguished Name) әмбебап атауы (бұдан әрі – DN) – тіркеу күәлігінің иесін немесе куәландыруши орталығын сәйкестендіру үшін пайдаланылатын ерекше атау;

13) тіркеу күәлігінің иесі – атына тіркеу күәлігі берілген, тіркеу күәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес жабық кілтті занды түрде иеленетін жеке немесе занды тұлға;

14) тіркеу күәліктерін пайдалану саясаты – куәландыруши орталықтың тіркеу күәліктерін басқаруға қатысты жұмысының регламенті мен механизмдерін айқындайтын, куәландыруши орталық бекіткен ішкі құжат;

15) тіркеу орталығы – өтініш берушінің сәйкестендіру, тіркеу күәліктерін беруге немесе кері қайтарып алуға құжаттарды қабылдау мен өтініш берушіге дайын тіркеу күәліктерін ұсынуға жауапты куәландыруши орталықтың құрылымдық бөлімшесі немесе куәландыруши орталықпен шарт негізінде әрекет ететін занды тұлға;

16) уақыт белгісінің түбіртегі – куәландыруши орталық беретін, электрондық құжаттың жасалу уақыты туралы ақпаратты қамтитын электрондық құжат;

17) үлкен мәтінді жіберу хаттамасы (Hyper Text Transfer Protocol) (бұдан әрі – HTTP) – деректерді берудің қолданбалы деңгей хаттамасы;

18) электрондық құжат айналымының жүйесі (бұдан әрі – ЭҚАЗ) – қатысушылары арасындағы қатынастар Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін электрондық құжаттармен алмасу жүйесі;

19) ЭҚАЗ қатысушысы – электрондық құжаттарды жинау, өндөу, сақтау, тарату, іздестіру және жариялау процестеріне қатысатын жеке немесе занды тұлға, мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға;

20) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символарының жиынтығы;

21) X.509 – ЭЦК-сы бар тіркеу күәлігінің көмегімен ашық кілттерді бөлу рәсімдері мен деректердің форматтарын анықтайтын стандарт;

22) электрондық жеткізгіш – ақпаратты электрондық нысанда сақтауға, сондай-ақ техникалық құралдардың көмегімен жазуға немесе оны жаңғыруға арналған материалдық жеткізгіш;

23) биометриялық сәйкестендіру – адамның бірегей биометриялық деректері негізінде оның жеке басын анықтау рәсімі.

2-тaraу. Куәландырушы орталықтың тіркеу күәліктерін беру тәртібі

3. Өтініш берушіге (не сенімхат бойынша оның өкіліне) тіркеу күәлігін беру үшін құжаттарды қабылдау ол тіркеу орталығына немесе куәландырушы орталықтың интернет-ресурсы арқылы жүргінген кезде жүзеге асырылады.

4. Тіркеу күәлігін алу үшін жеке тұлға (не сенімхат бойынша оның өкілі) тіркеу орталығына қолма-қол мынадай құжаттарды немесе куәландырушы орталықтың интернет-ресурсы арқылы алған кезде құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғадан тіркеу күәлігін беруге өтініш;

2) сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат;

3) жеке тұлғаның мүдделерін үшінші тұлға білдірген кезде – куәландырушы орталықтың тіркеу күәліктерін беруге құжаттарды ұсыну және сенімхатта белгіленген тапсырманы орындау үшін тиісті құжаттарға қол қою өкілеттіктері көрсетілген, нотариалдық куәландырылған жеке тұлғаның атына сенімхат.

5. Тіркеу күәлігін алу үшін занды тұлға, оның филиалы немесе өкілдігі (не сенімхат бойынша оның өкілі) куәландырушы орталықтың интернет-ресурсы арқылы алған кезде мынадай құжаттарды не құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша занды тұлғадан тіркеу күәлігін беруге өтініш;

2) сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат;

3) занды тұлға үшін – өтініш беруші занды тұлғаның занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе күәлік (немесе түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда, нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

4) куәландырушы орталықтың тіркеу күәліктерін беруге құжаттарды ұсыну және сенімхатпен айқындалған тапсырманы орындау үшін тиісті құжаттарға қол қою өкілеттігін көрсетілген занды тұлға өкіліне берілген сенімхат. Ұйымның мөрі болмаған кезде өтініш берушінің өкіліне берілген сенімхат нотариалды куәландырылады, онда тіркеу күәлігін беруге құжаттарды ұсыну мен сенімхатта айқындалған тапсырманы орындау үшін тиісті құжаттарға қол қою өкілеттіктері көрсетіледі;

5) занды тұлғаның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға үшін сенімхаттың орнына жұмыс орнынан анықтама не занды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) куәландырылған бірінші басшыны немесе оның міндетін атқарушы адамды лауазымға тағайындау туралы бүйрықтың (шешімнің, хаттаманың) көшірмесі ұсынылады.

6. Тіркеу орталығында құжаттар топтамасын қабылдау кезінде тіркеу орталығының қызметкери өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатпен салыстырып тексеруді (сәйкестендіруді) жүргізеді. Өтініш беруші куәландыруши орталықтың интернет-ресурсы арқылы жүгінген кезде куәландыруши орталық өтініш берушінің жеке басын салыстырып тексеруді (сәйкестендіруді) жүргізеді. Қажет болған жағдайда куәландыруши орталық Өтініш берушінің жеке басын биометриялық сәйкестендіруді жүргізеді.

7. Өтініш берушіге тіркеу куәлігін беруді куәландыруши орталық осы Қағидалардың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген құжаттар келіп түскеннен кейін бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

8. Өтініш берушіде қолданыстағы тіркеу куәлігі болған кезде жаңа тіркеу куәлігін тіркеуге өтініш электрондық құжат нысанында берілуі мүмкін. Бұл ретте өтініште қамтылған мәліметтер қолданыстағы тіркеу куәлігінде электрондық цифрлық қолтаңба кілтін пайдалана отырып қалыптастырылған өтініш берушінің қолданыстағы электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады.

9. Куәландыруши орталық және тіркеу куәлігінің иесі қажет болған жағдайда тіркеу куәліктерін беру немесе кері қайтарып алу үшін олардың арасында тіркеу куәліктерін беру және (немесе) кері қайтарып алу туралы келісім жасасады.

10. Тіркеу куәлігін куәландыруши орталық өтініш берушіге осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында береді.

11. Электрондық құжат нысанындағы тіркеу куәлігіне куәландыруши орталықтың ЭЦК-сымен қол қойылады.

12. Куәландыруши орталық ЭҚАЖ қатысуышының келісімі бойынша тіркеу куәлігінде электрондық құжат айналымы үшін қажетті қосымша ақпаратты енгізеді.

13. Иесіне тіркеу куәлігін беру тіркеу орталығында, сондай-ақ куәландыруши орталықтың интернет-ресурсында пайдаланушиның негізгі ақпарат жеткізгішіне немесе электрондық ақпарат жеткізгішіне тіркеу куәлігін жазу арқылы жүзеге асырылады.

14. Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін үш айдан үш жылға дейін куәландыруши орталық белгілейді.

15. Куәландыруши орталық иеленуші өтініш берген күні құжаттарды қабылдаудан мынадай жағдайларда бас тартады:

1) осы Қағидалардың 4 және 5-тармақтарына сәйкес ұсынылған құжаттардың толық болмауы;

- 2) дәйексіз мәліметтер ұсыну;
- 3) заңды күшіне енген сот шешіміне сәйкес;
- 4) адамның он алты жасқа толмауы.

Өтініш беруші қызмет көрсетуден бас тарту себептерін жойған кезде өтініш беруші осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тіркеу қуәлігін беру және кері қайтарып алу жөніндегі қызметті алу үшін қайта өтініш береді.

16. Куәландыруши орталық беретін иесінің тіркеу қуәліктері және куәландыруши орталықтың тіркеу қуәлігі X. 509 стандартының талаптарына және RFC 5280 стандартының ұсынымдарына сәйкес келуі тиіс.

17. Тіркеу қуәлігін беру осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жеке және заңды тұлғаның тіркеу қуәлігінің құрылымымен және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жеке және заңды тұлғаның тіркеу қуәлігінің DN-ге қойылатын талаптарымен электрондық құжат нысанында жүзеге асырылады.

18. Куәландыруши орталықтың тіркеу қуәлігі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес куәландыруши орталықтың тіркеу қуәлігінің құрылымын және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес куәландыруши орталықтың тіркеу қуәлігінің DN атауына қойылатын талаптарды қамтиды.

19. Куәландыруши орталық өзі шығарған әрбір тіркеу қуәлігіне, кері қайтарып алынған тіркеу қуәліктерінің тізіміне өз атын енгізеді және оларға ЭЦҚ-ның жеке жабық кілтінің көмегімен қол қояды.

20. Иесінің тіркеу қуәлігінің және куәландыруши орталықтың негізгі тіркеу қуәліктерінің құрылымы қажет болған жағдайда X. 509 стандартының және RFC 5280 стандарты ұсынымдарының аясындағы кеңейтілімдермен толықтырылады.

3-тарау. Куәландыруши орталықтың тіркеу қуәліктерін сақтау тәртібі

21. Куәландыруши орталық берілген тіркеу қуәліктерінің көшірмелерін электрондық нысанда сақтауды қамтамасыз етеді.

22. Кері қайтарып алынған тіркеу қуәліктерін тіркеу қуәліктерінің тіркелімінде сақтау мерзімі кемінде бес жылды құрайды.

23. Электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның күшін жою туралы құжаттарды сақтау мерзімі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндеттін атқаруышының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15997 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Сақтау мерзімін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

24. Осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін кері қайтарып алынған тіркеу қуәліктері Тізбеке сәйкес архивтік сақтауға түседі.

4-тaraу. Куәландырушы орталықтың тіркеу күәліктерін көрі қайтарып алу тәртібі

25. Тіркеу күәлігін қайтарып алуға құжаттарды қабылдау меншік иесі (не сенімхат бойынша оның өкілі) тіркеу орталығына немесе куәландырушы орталықтың интернет-ресурсы арқылы жүгінген кезде жүзеге асырылады.

26. Тіркеу күәлігін көрі қайтарып алу үшін тіркеу күәлігінің иесі – жеке тұлға (не сенімхат бойынша оның өкілі) куәландырушы орталықтың интернет-ресурсы арқылы көрі қайтарып алуды жүзеге асыру кезінде тіркеу орталығына мынадай құжаттарды қолма-қол не құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады:

1) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаның тіркеу күәлігін қайтарып алуға жазған өтініші;

2) сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат;

3) тіркеу күәлігін қайтарып алуға құжаттарды ұсыну және сенімхатпен айқындалған тапсырманы орындау үшін тиісті құжаттарға қол қою өкілеттігі көрсетілген өтініш берушінің өкіліне берілген нотариалды куәландырылған сенімхат.

27. Тіркеу күәлігін көрі қайтарып алу үшін тіркеу күәлігінің иесі – занды тұлға, оның филиалы немесе өкілдігі (не сенімхат бойынша оның өкілі) куәландырушы орталықтың интернет-ресурсы арқылы көрі қайтарып алуды жүзеге асыру кезінде тіркеу орталығына мынадай құжаттарды қолма-қол не құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады:

1) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша занды тұлғаның тіркеу күәлігін қайтарып алуға жазған өтініші;

2) сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат;

3) өтініш берушінің өкіліне сенімхат.

Занды тұлға занды тұлғадан өтініш берушінің өкіліне сенімхат берген кезде оның филиалына және/немесе өкілдігіне берілген тіркеу күәлігін көрі қайтарып алады. Бұл ретте тіркеу күәлігін қайтарып алуға берілген өтініште көрсетілген тұлғаның қолы сенімхатта талап етілмейді.

Ұйымның мөрі болмаған кезде өтініш берушінің өкіліне берілген сенімхат нотариалды куәландырылады, онда тіркеу күәлігін беруге құжаттарды ұсыну мен сенімхатта айқындалған тапсырманы орындау үшін тиісті құжаттарға қол қою өкілеттіктері көрсетіледі;

28. Тіркеу күәлігін берген куәландырушы орталық оны мынадай жағдайларда көрі қайтарып алады:

1) тіркеу күәлігі иесінің не оның өкілінің талап етуі бойынша;

2) дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі не тіркеу күәлігін алған кезде құжаттардың толық емес топтамасы анықталған кезде;

3) тіркеу күәлігі иесінің қайтыс болуы;

4) тіркеу күелігі иесінің тегі, аты немесе әкесінің аты (егер ол жеке басты күеландыратын құжатта көрсетілсе) өзгертулса;

5) тіркеу күелігінің иесі – занды тұлғаның атауы, қайта ұйымдастырылуы, таратылуы, занды тұлға басшысының ауысуы;

6) күеландыруши орталық пен тіркеу күелігінің иесі арасындағы келісімде көзделген;

7) занды күшіне енген сот шешімі бойынша.

Күеландыруши орталық осы Қағидалардың 28-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, осы көрсетілген жағдайлардың бірі басталған кезде өтініш берушіден оның өтінішінсіз тіркеу күелігін кері қайтарып алушы жүргізеді.

29. Тіркеу күелігі иесінің не оның өкілінің талабы бойынша тіркеу күелігін кері қайтарып алу осы Қағидалардың 26 және 27-тармақтарына сәйкес құжаттарды ұсынған кезде бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

30. Өтініш берушіде қолданыстағы электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде тіркеу күелігін кері қайтарып алу туралы өтініш электрондық құжат нысанында ұсындылуы мүмкін. Бұл ретте ашық кілті бар электрондық құжат нысанындағы тіркеу күелігін кері қайтарып алуға арналған өтініште қамтылған мәліметтер өтініш берушінің қолданыстағы электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады.

31. Күеландыруши орталықтың интернет-ресурсының жұмысындағы техникалық іркілістер кезінде тіркеу күеліктерін қайтарып алу күеландыруши орталықтың интернет-ресурсының жұмысы қалпына келтірілгенге дейін тоқтатыла түрады.

32. Тіркеу күелігі иесінің осы Қағидалардың 26 және 27-тармақтарында көрсетілген өтініште толтырылған деректердің дұрыстығын растай отырып, күеландыруши орталық тіркеу күеліктерін қайтарып алу күнін, себебін және уақытын көрсете отырып, тіркеу күелігінің қолданылуын тоқтату туралы тіркеу күеліктерінің тіркеліміне жазбалар енгізеді.

33. Тіркеу күелігін кері қайтарып алу кезінде күеландыруши орталық бұл туралы тіркеу күелігінің иесіне тіркеу күелігін кері қайтарып алу күні мен уақытын көрсете отырып, тиісті ақпаратты тіркеу күеліктерінің тіркеліміне дереу енгізу жолымен хабарлайды.

34. Күеландыруши орталық интернет-ресурста кері қайтарып алынған тіркеу күеліктері туралы мәліметтерді, олардың сериялық нөмірлерін, КТКТ-ға кері қайтарып алу күні мен себебін жариялайды.

35. КТКТ электронды түрде RFC 5280 анықтаған форматта беріледі. КТКТ күеландыруши орталықтың электрондық цифрлық қолтаңбасымен күеландырылады. Қайтарылған тіркеу күеліктерінің тізіміне қол жеткізу LDAP және HTTP хаттамалары арқылы қамтамасыз етіледі.

36. Интернет-ресурста тіркеу күеліктерінің мәртебесін тексеру сервисі RFC 2560-да көрсетілген талаптарға сәйкес ұсынылады.

5-тaraу. Куәландырушы орталықтың электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілігін және жарамдылығын растау тәртібі

37. Ақпараттық жүйемен электрондық цифрлық қолтаңбаның тұпнұсқалығын тексеру тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1187 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12864 болып тіркелген) Электрондық цифрлық қолтаңбаның тұпнұсқалығын тексеру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады

Қазақстан Республикасының негізгі
куәландырушы орталығын,
мемлекеттік органдардың
куәландырушы орталығын,
Қазақстан Республикасының ұлттық
куәландырушы орталығын және
Қазақстан Республикасының сенім
білдірілген үшінші тарапын қоспағанда
,

куәландырушы орталықтың тіркеу
куәліктерін беру,
сактау, кері қайтарып алу және
электрондық цифрлық қолтаңбаның
ашық кілтінің тиесілілігі мен
жарамдылығын растау қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Жеке тұлғадан тіркеу куәлігін беруге өтініш

Тіркеу куәлігінің номірі: _____

Жеке сәйкестендіру номірі: _____

Резидент еместер үшін – жеке басты куәландыратын құжаттың номірі,
берілген куні, мемлекеті көрсетілген құжатты берген органның атауын
немесе бірегей номірін көрсету _____

Тегі: _____

Аты: _____

Әкесінің аты: _____

Облыс атауы: _____

Қала: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

Телефон: _____

Тіркеу куәліктерінің жарамдылық мерзімі: _____

Электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану салалары мен пайдалануды
шектеулер туралы ақпарат _____

Электрондық цифрлық қолтаңбаның тиісті жабық кілтін құру үшін пайдаланылатын электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдары туралы деректер, электрондық цифрлық қолтаңба алгоритмі стандартының және ашық кілт ұзындығының белгіленуі: _____

ӘЦҚ ашық кілті: _____

Косымша ақпаратқа арналған орын: _____

20 __ жылғы " ____ " _____

Жеке тұлғаның (жеке тұлға өкілінің) қолы _____

Өтініштегі жолдардың болуы мен тәртібін куәландырушы орталық айқындаиды.

Қазақстан Республикасының негізгі

куәландырушы орталығын,

мемлекеттік органдардың

куәландырушы орталығын,

Қазақстан Республикасының ұлттық

куәландырушы орталығын және

Қазақстан Республикасының сенім

білдірілген үшінші тарапын қоспағанда

куәландырушы орталықтың тіркеу

куәліктерін беру, сактау,

кері қайтарып алу және электрондық

цифрлық қолтаңбаның

ашық кілтінің тиесілілігі мен

жарамдылығын раставу қафидаларына

2-қосымша

Нысан

Занды тұлғадан тіркеу куәлігін беруге өтініш

Тіркеу куәлігінің номірі: _____

Бизнес сәйкестендіру номірі: _____

Резидент еместер үшін – тіркелген елі көрсетілген қосылған құн салығын төлеушінің тіркеу номірі _____

Ұйымның атауы: _____

Атына тіркеу куәліктері берілетін занды тұлға қызметкерінің сәйкестендіру деректері:

Жеке сәйкестендіру номірі: _____

Резидент еместер үшін – жеке басты куәландыратын құжаттың номірі, берілген құні, мемлекеті көрсетілген құжатты берген органның атауын немесе бірегей номірін көрсету _____

Тегі: _____

Аты: _____

Әкесінің аты: _____

Облыс атауы: _____

Қала: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

Телефон: _____

Тіркеу күәліктерінің жарамдылық мерзімі: _____

Электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану салалары мен пайдалануды шектеулер туралы ақпарат: _____

Электрондық цифрлық қолтаңбаның тиісті жабық кілтін құру үшін пайдаланылатын электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдары туралы деректер, электрондық цифрлық қолтаңба алгоритмі стандартының және ашық кілт ұзындығының белгіленуі: _____

ӘЦҚ ашық кілті: _____

Қосымша ақпаратқа арналған орын: _____

20 ____ жылғы " ____ " _____

Занды тұлға қызметкерінің (занды тұлға өкілінің) қолы _____

Өтініштегі жолдардың болуы мен тәртібін куәландырушы орталық айқындайды.

Қазақстан Республикасының негізгі

куәландырушы орталығын,

мемлекеттік органдардың

куәландырушы орталығын,

Қазақстан Республикасының ұлттық

куәландырушы орталығын және

Қазақстан Республикасының сенім

білдірілген үшінші тарапын қоспағанда

,

куәландырушы орталықтың тіркеу

куәліктерін беру, сақтау,

көрі қайтарып алу және электрондық

цифрлық қолтаңбаның

ашық кілтінің тиесілілігі мен

жарамдылығын раставу қағидаларына

3-қосымша

Электрондық құжат нысанындағы тіркеу күәлігі

№_____

Нұсқасы: _____

Тіркеу күәлігінің сериялық номірі: _____

ӘЦҚ алгоритмін сәйкестендіргіш: _____

Тіркеу күәлігін шығарушының атауы: _____

Тіркеу күәлігін шығарушыны криптографиялық түрлендіру алгоритмі: _____

Тіркеу күәлігінің жарамдылық мерзімі:

бастап _____ дейін жарамды

Тіркеу күелігі иесінің аты: _____

Тіркеу күелігі иесінің жабық кілті:

кілттің ұзындығы: _____ біт

Тіркеу күелігі иесінің ашық кілті:

кілттің ұзындығы: _____ біт

мәні: _____

Кілттің мақсаты: _____

Кілтті пайдалану саласы:

Тұры	Кілттің пайдалануы
------	--------------------

ЭЦҚ құралы: _____

Тіркеу күелігі _____ форматында: қосымшаны қараңыз

Шығарушының осы тіркеу күелігіндегі ЭЦҚ: _____

20 __ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасының негізгі
куәландыруыш орталығын,
мемлекеттік органдардың
куәландыруыш орталығын,
Қазақстан Республикасының ұлттық
куәландыруыш орталығын және
Қазақстан Республикасының сенім
білдірілген үшінші тарапын қоспағанда

куәландыруыш орталықтың тіркеу
куәліктерін беру, сактау,
кері қайтарып алу және электрондық
цифрлық колтаңбаның
ашық кілтінің тиесілілігі мен
жарамдылығын растау қафидаларына
4-қосымша

Жеке және заңды тұлғаның тіркеу күелігінің құрылымы

P/c №	Тіркеу күелігін кеңейтудің атавы	Анықтамасы	Мазмұны
1	2	3	4
1. Тіркеу күеліктерінің X.509 форматындағы негізгі кеңейтулері			
1)	Version	Бұл кеңейтуде нұсқасы көрсетіледі	V3
2)	Serial Number	Белгілі куәландыруыш орталық шығарған әрбір тіркеу күелігінің бірегей сериялық номірін аныктайтын кеңейту	ұзындығы 32 байт он алты еселік көріністегі бүтін сан
		Куәландыруыш орталық тіркеу күелігіне қой қойған кезінде пайдаланылатын	

3)	Signature	алгоритм мен хэш-функцияға арналған алгоритм сәйкестендіргіші	Мәні
4)	Issuer	Осы тіркеу күелгіне қол қойған және шығарған куәландыруышы орталықтың DN анықтайды	Мәні
5)	Validity	Тіркеу күелгінің мәртебесі туралы ақпаратты қолдайтынына куәландыруышы орталық кепілдік беретін уақыт аралығы	YYYYMMDDHHMMSSZ GMT бастап жарамды YYYYMMDDHHMMSSZ GMT дейін жарамды
6)	Subject	Ашық кілттің жолында қамтылған ашық кілтпен байланысты объектіні анықтайды	Мәні

2. Тіркеу куәлітерінің қосымша көзітүлері

1)	SubjectPublicKeyInfo	Ашық кілтті сақтау және осы ашық кілт үлгісі болып табылатын алгоритмді айқындау үшін пайдаланылатын көзітү	Мәні
2)	Extensions	Құрылымға ASN.1 анықтамасын өзгертуей жаңа жолдар енгізуге мүмкіндік береді	Мәні
3)	AuthorityInfoAccess	Кез келген форматтағы Online Certificate Status Protocol (OCSP) қоса алғанда, куәландыруышы орталықтың сервистері туралы ақпаратты сақтау үшін пайдалданылатын көзітү	Мәні
4)	AuthorityKeyIdentifier	Куәландыруышы орталықтың уәкілетті тұлғасының кілтін сәйкестендіргіш	Мәні
5)	SubectKeyIdentifier	Tіркеу күелігі иесінің кілтін сәйкестендіргіш	Мәні
6)	KeyUsage	DigitalSignature тіркеу күелгінің мақсаты - – цифрлық қолтаңба, аутентификация, 17 onrepudiation – цифрлық қолтаңба	Цифрлық қолтаңба, Бас тартпаушылық (c0)

		keyEncipherment – аутентификация	
7)	ExtendedKeyUsage	электрондық цифрлық қолтаңба қойылған электрондық құжаттың заңды мәні болатын кілтті пайдалану саласы. Мүмкін болатын мәндері: - Client Authentication - emailProtection	Мәні
8)	CRL Distribution Points	Кері қайтарылған (жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімін жариялау нүктесі	Мәні
9)	CertificatePolicies	Тіркеу куәліктерінің саясаты	Мәні
10)	SubjectAltName	Осы тіркеу куәлігінің іс-кимылымен таратылатын қосымша субъектілерді аныктайтын көнекітү	Мәні

Қазақстан Республикасының негізгі

куәландыруыш орталығын,
мемлекеттік органдардың
куәландыруыш орталығын,

Қазақстан Республикасының ұлттық
куәландыруыш орталығын және

Қазақстан Республикасының сенім
білдірілген үшінші тарапын қоспағанда

,

куәландыруыш орталықтың тіркеу
куәліктерін беру, сақтау,
кері қайтарып алу және электрондық
цифрлық қолтаңбаның
ашық кілтінің тиесілілігі мен
жарамдылығын растау қафидаларына
5-қосымша

Жеке және заңды тұлға тіркеу куәлігінің DN атауына қойылатын талаптар

P/c №	Жолдардың атауы	Мәні	Ескертпе
1	2	3	4

1. Жолдарга арналған міндепті мәндер

1)	Country	Елдің атауы	Тіркеу куәлігін иеленуші резиденті болып табылатын елдің атауы көрсетіледі
			Өрістің мәні – үйымның толық атауы (қысқартылмаған), ол 256

2)	Organization	Үйимның атаяуы	нышаннан артық болса да . Сертификаттарды шығаруға байланысты проблемалар орын алса, арнайы басуға болмайтын нышандарды жою немесе ауыстыру мүмкін болады.
----	--------------	----------------	--

2. Жолдарга ұсынылатын мәндер

1)	Organization unit	Бизнес сәйкестендіру нөмірі	Бұл жол бірегей болып табылмайды және бір тіркеу қуәлігінде бірнеше "OU" жолы болуы мүмкін. Мәндердің бірі келесі үлгіге сәйкес болуы мүмкін: "BIN123456789012" Осындай жағдайда жолдың ұзындығы 15 нышан. Бірінші үш нышаны "BIN" тең. 4-15-ге дейінгі символдар тек қана цифрлар болып, занды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірін қамтиды.
2)	Serial number	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Жолдың үлгісі "IIN123456789012" Жолдың ұзындығы әрдайым 15 символ болады, Бірінші үш символ "IIN" тең. 4- 15-ге дейінгі символдар тек қана цифрлар болып, жеке тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірін қамтиды.

Қазақстан Республикасының негізгі

куәландыруши орталығын,

мемлекеттік органдардың

куәландыруши орталығын,

Қазақстан Республикасының ұлттық

куәландыруши орталығын және

Қазақстан Республикасының сенім

білдірілген үшінші тарапын қоспағанда

,

куәландыруши орталықтың тіркеу

куәліктерін беру, сактау,

кері қайтарып алу және электрондық

цифрлық қолтаңбаның
ашиқ кілтінің тиесілілігі мен
жарамдылығын растау қағидаларына
6-қосымша

Куәландырушы орталықтың тіркеу күелігінің құрылымы

P/c №	Tіркеу күелігін кеңейтудің атасы	Анықтамасы	Мазмұны
1	2	3	4
1. Тіркеу күеліктерінің X.509 форматындағы негізгі кеңейтулері			
1)	Version	Бұл кеңейтуде нұсқасы көрсетіледі (X.509v3)	V3
2)	Serial Number	Белгілі куәландырушы орталық шығарған әрбір тіркеу күелігінің бірегей сериялық нөмірін анықтайтын кеңейту	өлшемі 32 байт он алты еселік көріністегі бүтін сан
3)	Signature	Куәландырушы орталық тіркеу күелігіне қол қойған кезінде пайдаланылатын алгоритм мен хэш-функцияға арналған алгоритм сәйкестендіргіші	Мәні
4)	Issuer	Осы тіркеу күелігіне қол қойған және шығарған куәландырушы орталықтың DN анықтайды	Мәні
5)	Validity	Тіркеу күелігінің мәртебесі туралы ақпаратты қолдайтынына куәландырушы орталық кепілдік беретін уақыт аралығы	YYYYMMDDHHMMSSZ GMT бастап жарамды YYYYMMDDHHMMSSZ GMT дейін жарамды
6)	Subject	Ашық кілттің жолында қамтылған ашық кілтпен байланысты объектіні анықтайды	Мәні
2. Тіркеу күеліктерінің қосымша кеңейтулері			
1)	SubjectPublicKeyInfo	Ашық кілтті сақтау және осы ашық кілт үлгісі болып табылатын алгоритмді айқындау үшін пайдаланылатын кеңейту	Мәні
		Құрылымға ASN.1 анықтамасын өзгертпей	

2)	Extensions	жана жолдар енгізуге мүмкіндік береді	Мәні
3)	SubectKeyIdentifier	Тіркеу куәлігі іесінің кілтін сәйкестендіргіш	Мәні
4)	KeyUsage	<p>Тіркеу куәлігін тағайындау.</p> <p>Келесі мәндерді қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> CRL Sign – куәландыруши орталықтың негізгі тіркеу куәлігінің саясаты анықталады (опциялық мәні) KeyCertSgin – куәландыруши орталықтың негізгі тіркеу куәлігін білдіреді 	Мәні
5)	ExtendedKeyUsage	<p>Электрондық цифрлық қолтаңба қойылған электрондық құжаттың занды мәні болатын кілтті пайдалану саласы.</p> <p>Іштимал опциялық мәндері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Time stamping - OCSP Signing 	Мәні
6)	Basic constraints	Субъекті түрі. Мәні cA = True	Мәні
7)	SubjectAltName	Осы тіркеу куәлігінің іс-қимылымен таратылатын қосымша субъектілерді анықтайтын кеңеңтү	Мәні

Қазақстан Республикасының негізгі

куәландыруши орталығын,

мемлекеттік органдардың

куәландыруши орталығын,

Қазақстан Республикасының ұлттық

куәландыруши орталығын және

Қазақстан Республикасының сенім

білдірілген үшінші тарапын қоспағанда

,

куәландыруши орталықтың тіркеу

куәліктерін беру, сақтау,

кері қайтарып алу және электрондық

цифрлық қолтаңбаның

ашық кілтінің тиесілілігі мен

жарамдылығын раставу қағидаларына

7-қосымша

Куәландыруши орталықтың тіркеу куәлігінің DN атауына қойылатын талаптар

P/c №	Жолдардың атавы	Мәні	Ескертпе
1	2	3	4
1. Жолдарға арналған міндетті мәндер			
1)	Country	KZ	Жолдың мәні әрдайым "KZ" тән
2)	Organization	Ұйымның атавы	Жолдың мәні – ұйымның толық атавы (қысқартылмаған), ол 256 символдан артық болса да. Сертификаттарды шығаруға байланысты проблемалар орын алса, арнайы басуға болмайтын символдарды жою немесе ауыстыру мүмкін болады.
2. Жолдарға ұсынылатын мәндер			
1)	Organization unit	Бизнес сәйкестендіру нөмірі	<p>Бұл жол бірегей болып табылмайды және бір тіркеу күелігінде бірнеше "OU" жолы болуы мүмкін. Мәндердің бірі келесі ұлгіге сәйкес болуы мүмкін:</p> <p>"BIN123456789012"</p> <p>Осындай жағдайда жолдың ұзындығы 15 символ.</p> <p>Бірінші уш символы "BIN" тән.</p> <p>4-15-ге дейінгі символдар тек қана цифрлар болып, заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірін қамтиды.</p>
<p style="text-align: right;">Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығын, мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын қоспағанда</p> <p style="text-align: right;">,</p> <p style="text-align: right;">куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерін беру, сактау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын раставу қағидаларына 8-қосымша</p>			

Жеке тұлғадан тіркеу күелігін көрі қайтарып алуға өтініш

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Резидент еместер үшін – жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі,
берілген күні, мемлекеті көрсетілген құжатты берген органның атауын
немесе бірегей нөмірін көрсету _____

Тегі: _____

Аты: _____

Әкесінің аты: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

Телефон: _____

Тіркеу күелігінің сәйкестендіру деректері:

Сериялық нөмірі: _____

20 _____ жылғы " _____ " _____.

Жеке тұлғаның (жеке тұлға өкілінің) қолы _____

Отініштегі жолдардың болуы мен тәртібін куәландыруши орталық
айқындайды.

Қазақстан Республикасының негізгі
куәландыруши орталығын,
мемлекеттік органдардың
куәландыруши орталығын,
Қазақстан Республикасының ұлттық
куәландыруши орталығын және
Қазақстан Республикасының сенім
білдірілген үшінші тарапын қоспағанда

куәландыруши орталықтың тіркеу
куәліктерін беру, сақтау,
кері қайтарып алу және электрондық
цифрлық қолтаңбаның
ашық кілтінің тиесілілігі мен
жарамдылығын раставу қағидаларына
9-қосымша

Нысан

Занды тұлғадан тіркеу күелігін қайтарып алуға өтініш

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Резидент еместер үшін – тіркелген елі көрсетілген қосылған құн салығын
төлеушінің тіркеу нөмірі: _____

Ұйымның атауы: _____

Атына тіркеу күеліктері берілетін занды тұлға қызметкерінің
сәйкестендіру деректері:

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Резидент еместер үшін – жеке басты қуәландыратын құжаттың нөмірі,
берілген күні, мемлекеті көрсетілген құжатты берген органның атауын
немесе бірегей нөмірін көрсету _____

Тегі: _____

Аты: _____

Әкесінің аты: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

Телефон: _____

Тіркеу қуәлігінің сәйкестендіру деректері:

Сериялық нөмірі: _____

20 _____ жылғы "_____" _____.

Занды тұлғаның (занды тұлға өкілінің) қолы _____

Өтініштегі жолдардың болуы мен тәртібін қуәландыруыш орталық
айқындайды.